

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ
ДУХОВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА



ИМАМНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ

ЛИЧНОСТНЫЙ ОБРАЗ ИМАМА

тәлім
наставление



Астана
19-ақпан, 2015 ж.

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ИМАМДАР ФОРУМЫНДА**

Қ А Б Ы Л Д А Н Д Ы

ИМАМНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ

тәлім

**Астана
19-ақпан, 2015 ж.**

Имамның тұлғалық келбеті

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ وَأَمَّا بَعْدُ...

Аса мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын.

Барлық мадақ әлемдердің Раббысы Аллаға тән. Адамзаттың асылы Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына салауат пен сәлем болғай!

Имамдық – жауапкершілігі мол маңызды қызмет. Бұл – Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла тарапынан алып келген аманатын келер ұрпаққа жалғастыратын, адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандыққа тыйым салатын ұлы істің бірі. Сол себепті Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбеті үмбеттердің қайырлысы болды. Алла Тағала Құранда былай дейді:

كُنْتُمْ خَيْرَ أُمَّةٍ أُخْرِجَتْ لِلنَّاسِ تَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ وَتَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَتُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ

«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, жамандықтан тыятын, сондай-ақ, Аллаға сенетін үмбеттердің қайырлысы болып жіберілдіңдер».¹

Имамдық қызмет үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Өйткені, имам қоластындағыларға жауапты әрі олар үшін сұралады. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Имам – басшы әрі қоластындағыларға жауапты*»,² – деген. Әрине, мұндай жауапкершілікті атқару үшін, өз болмысымен үлгі-өнеге болатын, дін ісі мен дүниені қатар алып жүруге баулитын көркем мінез-құлық пен ұстаз-

¹ Әл-Имран сүресі, 110-аят.

² Бухари, Муслим риуаяты.

дық қабілет-қасиеттер, белсенділік пен азаматтық сипаттар имамнан талап етіледі.

Қазіргі қоғамымыздағы діни ахуал жағдайында ішкі тұрақтылықты және рухани тұтастықты сақтауда имамның ролі зор. Дертті алдын-ала алып оған қарсы ем қолданғандай, рухани дерттің емшілері мен қоғам өмірін үйлесімділікке келтіретіндер – имамдар. Бұрыс бағыттағы біреудің жетегінде жүрген азаматтарды дұрыс арнасына салу, ақ пен қараны, дұрыс пен бұрысты, халал мен харамды ажыратып беру имамдардың мойнында. Ендеше, біреуге жол көрсетіп, хақ пен жалғанның аражігін ажыратып беру үшін имамдардың шынайы келбетіне тән сипаттарды атап өтуді жөн көрдік.

Имамның тұлғалық келбетіне тән сипаттар:

1. *Діндарлық;* Тақуалық, діндарлық –ең басты нәрсе. Ол – Алла Тағала бұйырған істерді орындап, тыйым салған істерден тыйылу.

Алла Тағала тақуалар жайлы Құран Кәрімде былай дейді :

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ حَقَّ تَقَاتِهِ وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنتُمْ مُسْلِمُونَ

«Әй, мүміндер! Алладан шынайы қорқындар да мұсылман болған күйде ғана жан тапсырындар».³

Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Алладан шынайы қорқу» дегенді былай баяндады:

أَنْ يَطَاعَ فَلَا يَعْصِي وَ أَنْ يَشْكُرَ فَلَا يَكْفُرُ وَ أَنْ يَذْكَرَ فَلَا يَنْسِي

³ Ал-Имран сүресі 102-аят

«Аллаға бой ұсынып, күнәһәр болмау, шүкіршілік етіп, қарсы келмеу, үнемі еске алып, ұмытпау».⁴ Тақуалық имамның киетін киімі тәрізді болу керек. Өйткені, ол діннің атынан сөйлейді. Шарифаттан білгенін айттып, білмейтінін «білмеймін» деп шектелген жөн. Өйткені, оның әрбір айтқан сөзі атылған оқпен тең, сонымен бірге имамның әрбір іс-әрекетінен адамдар үлгі алатын дәрежеде болу тиіс.

2. *Шынайылық, адалдық, әділдік;* Имамның ішкі жан дүниесі мен сыртқы келбеті бірдей болып бүкіл ісін адалдық, әділдікпен атқаруы тиіс. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Шын мәнінде Алла сендердің дене бітімдеріңе және келбеттеріңе қарамайды, алайда сендердің жүректеріңе және амалдарыңа қарайды»*,⁵ – деді. Адалдық – ашық, шыншыл қарым-қатынас, әділдік – ізгіліктің ірге тасы. Адамзаттың асыл тәжі Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірінің соңына дейін әділдікті, адалдықты насихаттап, басқаларға іс жүзінде үлгі болып өтті. Алла елшісінен (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тәлім-тәрбие, үлгі алған саңлақ сахабалардың өмірі де тұнып тұрған әділдік пен адалдық. Міне, осы секілді әрбір имам өзіне сеніп тапсырылған дүниелерге үлкен жауапкершілікпен қарап, жұмыс орнының мүлкін аманат есебінде біліп, оған қиянат жасамауы, кісі ақысын жемеуі, ысырап етпеуі керек. Өйткені, аманатқа қиянат жасау, кісі ақысын жеу, әділетсіздік жасау, адал болмау – үлкен күнә.

3. *Білімділік, парасаттылық;* Сүннетке сәйкес, ғылым, даналық – мұсылманның іздегені, оны қайдан болса да табу қажет.

Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі бол-

⁴ Хаким “Мустадрокта” жеткізген.

⁵ Муслим риуаяты.

сын) өзінің бір хадисінде:

طلب العلم فريضة على كل مسلم

«**Білімді талап ету – әрбір мұсылманға парыз**»,⁶ - деген.

Имамдар көпшілікпен араласқан соң көптеген сұрақтарға тап болады. Оған дер кезінде жауап беру үшін білім керек. Сондықтан білім алу аса маңызды. Себебі, білімсіз пәтуа беру өте қауіпті, соңы құрдымға алып барады. Хадисте: **«Кім ілімсіз пәтуә берсе, оған Алланың, періштелердің және бүкіл адамның лағынеті болады»**⁷ – деп ескертілген.

4. Сабырлық – Алланың разылығы үшін бір істі бастағанда, күнәдан тыйылуда табандылық таныту. Алла Тағала Құранда былай деп бұйырады:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اصْبِرُوا وَصَابِرُوا وَرَابِطُوا وَاتَّقُوا اللَّهَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ

«Әй, Мүміндер! (қиыншылыққа) шыдандар, (жаумен) табандап күресіндер, қорғанысқа дайын тұрындар, мақсаттарыңа жету үшін Алладан қорқындар».⁸ Мұсылман баласының бойында үш түрлі сабырлық болуы қажет. Бірінші – Алла Тағаланың әміріне бойұсынуда керек болған сабырлық. Екінші – күнә істерден тыйылу үшін пайдаланатын сабырлық. Соңғысы – қиыншылық пен сынақтарға төтеп беру үшін қажетті сабырлық.

Имамдық қызмет оңай шаруа емес. Халыққа бес уақыт намазды өткізіп беру т.б. шарифат бұйырған діни үрдістерді, мойнына жүктелген аманатты орындау нәпсіге ауыр келеді. Осылардың барлығына сабырлық пен

⁶ Ибн Мәжә риуаяты.

⁷ Байхаки риуаяты.

⁸ Әл-Имран сүресі, 200-аят.

төзімділік керек.

5. *Мейірімділік, жұмсақтық*; Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кеңпейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «*Алла Тағала мейірімі болмаған адамға мейірім танытпайды, кешірімділікті ұстанбағанды кешірмейді*».⁹ Жұмсақтық адамның бойында Алла Тағала берген туа бітті қасиет. Өйткені, адам баласы әрқашан жұмсақтыққа және жақсы сөздерге жүрегі жібіп тұрады. Әрі жұмсақ мінезді адам мен көркем сөйлейтін кісіні жақсы көріп, соған еліктеуге тырысады. Өздері де сол қасиетті көркемдей түскенде адамдардың арасында да сый құрметке ие болып, бастапқы адами болмысына нәр қосылып, көркем мінезді жандардың санатынан есептеледі. Алла Құранда:

وَإِذَا خَاطَبَهُمُ الْجَاهِلُونَ قَالُوا سَلَامًا

«...Оларға надандар тіл тигізсе де: «Аман болындар», – деп дұрыс жауап береді»,¹⁰ – деді. Яғни, мүмін кісіге қандай да бір жаман ниетті кәпірлер құй-тырқылап, әдейі тиісіп, тіл қатса, мұсылман адам оларға деген жауабында ашуға берілмей жәй ғана «сендерге Алланың есендігі болсын», – деп дұрыс жауап береді. Міне, бұл барша мұсылманның, әсіресе, имамның бойында табылуы тиіс болған сипаттар.

6. *Кішіпейілділік (сыпайылық, қарапайымдылық)*; Кішіпейілділік – пендеге Раббысы тарапынан берілетін ерекше мінез-құлық. Кішіпейілділік – пайғамбарлар мен күллі мұқаррабиндер, әулиелерден мирас болған көркем қасиет. Кішіпейіл адам – жер бетінде

⁹ Ахмад риуаят еткен.

¹⁰ Фуркон сүресі, 63-аят

Раббысынан қорқып, одан ұялып, әрдайым өзін көріп тұр деген оймен ұлыққа да, кішікке де бірдей қарым-қатынас жасайтын жан. Алла Тағала былай дейді:

وَعِبَادُ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا ...

«Рахманның құлдары жер бетінде кішіпейілділікпен жүреді...».¹¹ Бұл аяттың астарында мүміндерге тән кішіпейілділік жатыр. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: *«Кім кішіпейілділік көрсетсе, Алла оның мәртебесін өсіреді. Ал, кімде-кім көкірек қақса, Алла Тағала оны мұрнымен жер сүздіреді»*,¹² – деген. Ал, өркөкіректік – құрдымға алып баратын дерт. Лағынет атқыр шайтанның Алланың рахметінен айрылып, қуылуына себеп болған да осы тәкаппарлық, өр көкіректік. Алла Тағала Құранда былай дейді:

وَلَا تَمْشِ فِي الْأَرْضِ مَرَحًا إِنَّكَ لَنْ تَخْرِقَ الْأَرْضَ وَلَنْ تَبْلُغَ الْجِبَالَ طُولًا

«Жер жүзінде дандайсып жүрме. Өйткені, сен жерді әсте жара алмайсың да бой жағынан да тауларға жете алмайсың».¹³

Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Кімнің жүрегінде шаң тозаңындай тәкаппарлық болса жәннатқа кірмейді»*,¹⁴ – деген.

7. *Отансүйгішілік*; «Отанды сүю – иманнан», – деген қанатты сөз бар. Отанға деген ыстық сезім, ықылас – жалпы адамзаттық адамгершілік қасиет, адамдар арасында қалыптасқан табиғи сипат. Жалпы отаншылдық, патриотизм – асыл дініміздің ұстанымымен тығыз ұшта-

¹¹ Фурқон сүресі 63-аят.

¹² Имам Ахмад ибн Ханбал, Муснад

¹³ Исра сүресі 37-аят

¹⁴ Муслим, Термизи.

сып жатқан ұғымдар. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің туған шаһары Мекке қаласына айрықша ықыласпен қараған. Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеге қарап тұрып: **«Сен мен үшін сондай қымбатсың, сүйіктісің. Егер де тұрғындарың сенен шығармағанда, сенен басқа жерде тұрақтамас едім»**,¹⁵ – деген .

Отанды қорғау – қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты баянды ету, бүгінгі ұрпақтың, мұсылман қазақ баласының азаматтық әрі діни міндеті.

8. *Шешендік*; Адамдардың жүрегін баурап, оларды дінге шақыру үшін имамға шешендік өнер қажет. Өйткені, шешендік сөз жүйелі, байыпты айтылса досқа пір, дұшпанға зіл, шат көңілге шабыт, қам көңілге демеу, батырға айбынды ұран болар еді. Жаратушы Иеміз мүбәрак Құранда:

وَعِظُهُمْ وَقُلْ لَهُمْ فِي أَنْفُسِهِمْ قَوْلًا بَلِيغًا

«...Оларға үгіт бер де, оларға әсерлі сөз сөйле»,¹⁶ – деп бұйырған. Имамның уағызы ұйқы шақырмауы тиіс. Бір сарында сөйлеу осыған жетелейді. Сөзді анық әрі нық жеткізу, маңызды сөздерге басымдық беру, болған жағдайды көтеріңкі дауыспен баяндау, «яғни», «мысалы», «сосын» «жаңағы» деген сөздерді жиі айтудан сақтану, аудиторияға немқұрайлы қарамау, қолмен көркем түрде ишара жасау, тыңдаушының жас-ерекшелігін һәм жағдайын ескеру, т.с.с. – шешенге қойылар талаптардың бір парасы.

9. *Сыртқы келбетінің ұқыптылығы*; Амру бин Шуғайбтан келген хадисте:

¹⁵ Хаким, Табарани, Бәйһақи риуаят еткен.

¹⁶ Ниса сүресі, 63-аят

قال رسول الله صلى الله عليه و سلم : إن الله يحب أن يُرى أثرُ نعمته علي عبده

Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Алла берген нығметін құлының бойынан көргісі келеді»*,¹⁷ – деген. Бір күні Әбу Ханифа үсті-басы алқам-салқам біреуді көреді. Оның қолына мың дирхам ақша беріп тұрып: «Үсті-басыңды дұрыста, жөні түзу киім ал», – деп құлағына сыбырлайды. Бірақ, әлгі адам: «Маған бұл ақшаның қажеті жоқ, мен онсыз да баймын», – деп ақшаны алмай қояды. Сонда Әбу Ханифа: «Сен Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Алла берген нығметін құлының бойынан көргісі келеді»*, - дегенін естімеп пе едің?» деп таза, жинақы киініп, халыққа үлгі болардай мұсылман болуға насихаттаған.

Имамдар сыртқы келбетінің ұқыштылығына мән беруде Әбу Ханифадан үлгі алса болады. Әбу Ханифа сапалы матадан тігілген киім киетін. Әрдайым әтір қолданатын. Ол достарының да жақсы киінгенін қалайтын. Адамның өңін ашатын сапалы сәнді киім таңдауына көмектесетін. Намаз оқитын кезде Алланың құзырында тұрғанын терең сезініп, әрдайым ең әдемі киімдерін киіп, жұпар аңқыған иіссу себетін.

*10. Жан-жақтылық; «Жігітке жеті өнер аз» дегендей, имам-молдалардың тек діни біліммен шектелмей, заманауи технологияны меңгеріп, жан-жақты біліммен қарулануы – уақыт талабы. Анастан жеткен хабарда Пайғабарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «Сендердің жақсыларың дүниесін ақыретке, ақыретін дүниеге тастап қойғандарың емес, бәлкім екі дүниенің арбасын бірдей ұстағандарың. Шын мәнінде, дүние ақыретке жетелейді».*¹⁸

¹⁷ Термизи риауат еткен .

¹⁸ Ибн Асакир, Хатиб Әл-Бағдади.

Имамдық қызметтің негізгі қағидаттары:

1. Жеке тұлғалық қасиеттерімен жамағатқа, қоғамға үлгі болу. Имамдар жамағатқа, қоғамға үлгі болу үшін Пайғамбарымыздан (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өнеге алу керек. Алла Тағала Құранда былай дейді:

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ

«Расында, сендер үшін Алланың Елшісінде көркем өнегелер бар»¹⁹.

2. Ислам негіздері мен парыздарын тұрақты түрде түсіндіріп отыру. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Менен бір аят болсада жеткізңдер»*,²⁰ – деді. *Тағы бір хадисте: «Менің сөзімді естіп, көңіліне түйіп және оны дәл ме дәл естігендей жеткізген адамды Алла жүзін жарық етсін»*,²¹ – дейді. Сондықтан имамдар Құран мен сүннетті сахабалар, табиғиндер түсіндіргеніндей халыққа тұрақты жеткізіп отыру керек. Сонда көптеген алаңдатушылық, өз бетімен Құран мен сүннетті түсінемін деушілікке тосқауыл қойылады.

3. Дін қағидаларын жеңілдетіп түсіндіру. Айша анамыз былай дейді: *«Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) екі нәрсенің біреуін таңдар болса, сөзсіз күнә болмаған жағдайда жеңілін таңдайтын еді. Ал, егер күнә болса, адамдардың арасындағы одан ең аулағы болатын...»*.²²

4. Ескерту, қорқыту емес, жұбату, қуандыру мәнерін

¹⁹ Ахзап сүресі, 21-аят.

²⁰ Бухари риуаяты.

²¹ Термизи риуаяты.

²² Бухари риуаяты.

ұстану. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Жеңілдетіңдер ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер қорқытпаңдар».**²³

5. «Айыптау емес, тәрбиелеу» қағидатын ұстану.

6. Діннің формалық жағымен қатар, мазмұндық жағын да терең түсіндіру, исламдағы көркем мінез-құлық пен рухани құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды жете насихаттау.

Уағыздардың сипаты:

Алла Тағала Құранда былай дейді:

ادْعُ إِلَى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحُكْمَةِ وَالْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ

«Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр».²⁴

Уағыз айту – адамдарға дінді жеткізудің бір жолы. Уағызды көпшілікке жеткізу үшін имамның айтатын насихаты жан-жақты, тақырыптан ауытқымай әрі терең мазмұндылықпен, арасында шешендік өнерді қосып түсінікті етіп айту шарт. Имам уағзында мыналарды қолдану керек:

- Уағыздың тақырыбы адамдардың жағдайына қарап айтылу.

- Уағыздың кіріспесі ретінде жалпы мазмұндағы ғибратты мысал келтіріп, соның негізінде уағызды бастау.

- Құран мен сүннеттен дәйек сөздер келтіріп, оған Пайғамбарымыздың және сахабалардың іс-әрекеттерін қоса айту. Өйткені амалдарын атап өту Құран мен сүннеттің мағынасын қолға ұстатып көрсеткенмен тең.

- Құран мен Сүннетте келген қиссаларды және мысалдарды келтіру.

²³ Бухари, Муслим.

²⁴ Нахыл сүресі 125-аят.

- Уағыз тақырыбын ғибратты уақиғалармен, салт-дәстүр қағидаларымен, шешендік сөздермен, нақылдармен қуаттау.

- Уағыз ашық әрі түсінікті болу. Өйткені, тыңдап отырғандардың дәрежесі бір емес, бірі түсінсе, екіншісі түсінбей қалуы мүмкін. Егер түсінікті әрі жалпақ тілмен қысқа нұсқа айтылса, барлығына пайдалы болады.

- Уағыз айтқанда жамағатты жалықтырмау.

- Байыппен сөйлеу және дауыс көтермеу.

- Имамның жамағат алдындағы беделін қалыптастыратын және қоғамдық санаға ықпал ететін басты құралы – уағыз-насихаттар болғандықтан, оларға үлкен жауапкершілікпен қарап, оларға қатысты жеке мәтіндерді алдын ала реттеп, оны жан-жақты мәліметтермен толықтырып, мұқият дайындалу керек.

- Уағыз айту барысында паракқа ұдайы үңіліп, жамағатпен байланысты үзіп алмау.

- Соңынан ойын түйіндеп, қорытындылау.

Алланың қалауымен адам өзін жан-жақты дамытуға қабілеті жетеді. Бастысы, шынайы ықылас керек. Өзгені өзгерткіміз келсе, ең әуелі өзімізден бастайық. Құдайдың Құрандағы әмірі де осы: **«Расында бір қауым өзін-өзі өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді».**²⁵ Егер әрбір имам жоғарыдағы аталған сипаттарды бойына сіңіріп, оларға қойылған талаптарды және уағыз айту үлгісін жоғары дәрежеде орындаса, имамдардың жеке тұлғасының өнегесі және жоғары деңгейдегі уағыздары арқылы мұсылман қауымы мен ҚМДБ-ның беделі артады. Сондай-ақ, мұсылман үмбетінің сауаттылығын арттыруға, жан-жақты тұлға әрі отаншыл азамат болып қалыптасуына, дінаралық бір-

²⁵ Рағыз» сүресі, 11-аят

лік пен татулыққа ықпал ету арқылы мемлекет іргесінің бүтіндігіне қызмет етуге үлес қосады. Сонымен қоса өзіне жүктелген аманатты адал орындағаны үшін қияметте сауапқа кенеледі.

ДУХОВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА

П Р И Н Я Т О

**НА ФОРУМЕ ИМАМОВ
ДУХОВНОГО УПРАВЛЕНИЯ
МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА**

ЛИЧНОСТНЫЙ ОБРАЗ ИМАМА

наставление

**Астана
19-февраля, 2015 г.**

Личностный образ имама

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ وَأَمَّا بَعْدُ..

С именем Аллаха Милостивого и Милосердного.
Хвала Всевышнему Аллаху Господу миров. Мир и приветствие Пророку Мухаммеду, Его семье и сахабам!

Должность имама играет очень ответственную и важную роль. Это благое дело, призывающее людей на добрые поступки, порицающее запретное и передающее из поколения в поколение знания Всевышнего Аллаха, которые были донесены до нас нашим достопочтенным Пророком (да благословит его Аллах и приветствует). Поэтому, умма Пророка (да благословит его Аллах и приветствует) является наиболее достойной и почтенной. Всевышний Аллах в Коране говорит:

كُنْتُمْ خَيْرَ أُمَّةٍ أُخْرِجَتْ لِلنَّاسِ تَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ وَتَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَتُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ

«Вы являетесь лучшей из общин, появившейся на благо человечества, повелевая совершать одобряемое, удерживая от предосудительного и веруя в Аллаха».¹

Деятельность имама требует большой ответственности. Поскольку имам берет ответственность за своих подчиненных и с него будет спрашиваться за это. Наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) говорил: **«Имам – руководитель, и он ответственен за сво-**

¹ Сура аль-Имран, 110-ая.

*их подчиненных».*² Конечно, для того, чтобы возложить такую большую ответственность на имама, требуются харизматические и гражданские качества, добродушный характер и навыки преподавания, которые будут примером для всех.

На сегодняшний день с учетом религиозной ситуации в обществе роль имама особо возрастает в деле сохранения внутренней стабильности и духовной целостности. Исцеление духовности и сохранение гармонии в обществе требуют постоянной работы имамов. Направить заблудившихся людей на путь истинный, различать правильное и неправильное, дозволенное и запретное – за все это ответственным является имам. Таким образом, чтобы отличить того, кто является путеводителем и дает разъяснение всему, считаем целесообразным отметить основные качества, которые должны присутствовать в каждом имаме.

Личностные качества имама

1. Религиозность. Религиозность и праведность являются основными чертами имама. Это означает исполнение обязанностей перед Всевышним Аллахом и воздержание от запретных дел.

Всевышний Аллах о праведных говорит в Коране так:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ حَقَّ تَقَاتِهِ وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنْتُمْ مُسْلِمُونَ

«О те, которые уверовали! Бойтесь Аллаха должным образом и умирайте не иначе, как будучи мусульманами!»³

Пророк (да благословит его Аллах и приветствует)

² Риуаят Бухари и Муслима.

³ Сура аль-Имран, 102-аят.

так описывает «искреннюю боязнь перед Всевышним»:

أن يطاع فلا يعصى و أن يثكر فلا يكفر و أن يذكر فلا ينسى

«Смирение перед Аллахом, не быть грешником, покаяться и не противиться Его воле, вспоминать и не забывать».⁴ Праведность подобно одежде все время должна сопровождать имама. Поскольку он выступает от имени Ислама, общины. Имам должен демонстрировать свои знания шариата, если он не знает ответа на какой-либо вопрос, тогда он должен ограничиться сказав, что не знает ответа. Он должен быть бдительным, следить за своей речью, потому что он ответственен за каждое произносимое слово, а его дела и поступки должны служить примером для остальных мусульман.

2. Искренность, честность, справедливость. Внешний вид и внутренний мир имама должны быть в гармонии, он должен честно и справедливо выполнять свою работу. Наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: **«Поистине, Аллах не смотрит на ваши тела и внешний вид, а смотрит на ваши сердца и деяния».**⁵ Честность приводит к открытым и искренним отношениям, а справедливость является фундаментом доброты.

Пророк Мухаммед (да благословит его Аллах и приветствует), венец рода человеческого, до конца своей жизни проповедовал честность, справедливость и стал величайшим примером для остальных. Жизнь сахабов, которым посчастливилось поучиться у Посланника Аллаха (да благословит его Аллах и приветствует) тоже полна честности и справедливости. Подобно этому, каждый имам должен с особой ответственностью относиться к по-

⁴ Риуаят от Хакима.

⁵ Риуаят от Муслима.

рученному имуществу, оберегать вверенное на хранение, не ущемлять права людей и не позволять себе бессмысленного расточительства. Поскольку лишение доверенного, ущемление прав людей, несправедливость и неискренность считаются большим грехом в Исламе.

3. Образованность, разумность. Согласно сунне наука, мудрость – это то, к чему должен стремиться каждый мусульманин, прилагая все необходимые усилия, чтобы достичь их, какими бы они ни были сложными. Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) в своем хадисе сказал:

طلب العلم فريضة على كل مسلم

«Требование знания является обязательным для каждого мусульманина!».⁶

Имамы, общаясь с большинством людей, ежедневно сталкиваются с множеством вопросов. Чтобы своевременно и правильно на них ответить, требуются знания. Поэтому получение образования, знаний является очень важным. Поскольку давать разъяснения и выносить фетвы без соответствующих знаний часто приводит к заблуждениям. Об этом сказано в следующем хадисе: **«Того, кто выносит фетвы без знания, покарает Аллах, ангелы и все люди».**⁷

4. Терпение – это удержание себя в деле начинания чего-либо, воздержание от греха ради довольства Аллаха. Всевышний Аллах в Коране повелевает:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اصْبِرُوا وَصَابِرُوا وَرَابِطُوا وَاتَّقُوا اللَّهَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ

«О те, которые уверовали! Будьте терпеливы, запасайтесь терпением, несите службу на заставах и бойтесь Аллаха, – быть может, вы преуспеете».⁸ У му-

⁶ Риуаят от Ибн Мажа.

⁷ Риуаят от Байхаки.

⁸ Сура аль-Имран, 200-ая.

сульманина должны присутствовать три качества терпения. Первое, стойкость в повиновении приказам Аллаха. Второе, стойкость в борьбе с грехами, которые запретил нам Аллах. Последнее, стойкость в бедах и несчастиях, которые выпадают на долю человека.

Работа имама - нелегкое дело. Проведение пятикратного намаза, исполнение других предписаний шариата дается нелегко. Для всех этих дел необходимы терпение и стойкость.

5. Доброта, мягкость характера. Добродушность основывается на таких качествах, как почтение между людьми, великодушие, сострадание, искренность. Пророк Мухаммед (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Всевышний Аллах не будет проявлять милость тому, кто не проявляет милость, не прощает того, кто не проявляет прощение к другим».*⁹ Мягкость характера – это основная черта каждого человека, которая заложена Аллахом изначально. Поскольку человек всегда поддается теплым словам и поступкам. Также любит, когда другие проявляют добрые и искренние намерения, пытается подражать им и брать с них пример. Сам же, проявляя эти качества в себе, становится почетным среди людей еще больше приукрашая себя добрыми качествами. Аллах в Коране поясняет:

وَإِذَا خَاطَبَهُمُ الْجَاهِلُونَ قَالُوا سَلَامًا

«...когда обращаются к ним с речью невежды, говорят: «Мир!».¹⁰ То есть, когда невежды с плохим намерением пытаются оскорбить или высмеять мусульманина, он, не поддаваясь злости, сдержанно ответит «желаю вам мира от Аллаха». Вот это и есть те качества, которые

⁹ Риуаят от Ахмада.

¹⁰ Сура Фуркан, 63-аят.

должны быть у всех мусульман, особенно у имама.

6. Смиренность (вежливость, скромность). Смиренность – это черта характера, которой награждает Всевышний Аллах своего раба. Смиренность, это качество, которое досталось нам, людям, от пророков, от святых и праведников. Смиренный человек - это тот, кто знает, что какие бы поступки он не совершал, за ним наблюдает Аллах, поэтому ко всем относится с почтением. Всевышний Аллах говорит:

وَعِبَادُ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا ...

«А рабы Милосердного - те, которые ходят по земле смиренно...».¹¹ В основе данного аята лежит понятие смиренности, которое присуще мусульманину. Наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) в одном из своих хадисов сказал: *«Кто проявляет смиренность перед Аллахом, того Аллах возвышает. А кто проявляет высокомерие, того Всевышний Аллах заставит клевать носом землю»*.¹²

وَلَا تَمْشِ فِي الْأَرْضِ مَرَحًا إِنَّكَ لَنْ تَخْرِقَ الْأَرْضَ وَلَنْ تَبْلُغَ الْجِبَالَ طُولًا

«Не ступай по земле горделиво, ведь ты не пробуришь землю и не достигнешь своим ростом высоты гор!».¹³ Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Тот, в чьем сердце есть хотя бы пылинка высокомерия, не войдет в рай»*.¹⁴

7. Патриотизм. Есть такое выражение «Любовь к родине – есть проявление веры». Особое, трепетное чувство к Родине – это общечеловеческое качество, которое должно быть присуще всем людям. Любовь к Родине, патриотизм – это такие понятия, которые тесно переплетаются

¹¹ Сура Фуркан, 63-аят.

¹² Риуаят от Ахмада.

¹³ Сура Исра 37-аят.

¹⁴ Риуаять от Муслим, Тирмизи.

ются с основными принципами нашей религии. Наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) особенно трепетно относился к своему родному городу Мекке. В хадисе, переданном от Ибн Аббаса (р.а.), Посланник Аллаха (да благословит его Аллах и приветствует), говоря о Мекке, сказал: *«Ты для меня дорога, любима. Если бы твои жители не заставляли, то я бы здесь остался»*.¹⁵

Защита Отечества – это сохранение мира и стабильности в обществе, гражданская и религиозная обязанность каждого мусульманина, сегодняшнего поколения.

8. Ораторство. Имаму необходимо обладать ораторским искусством, для того, чтобы занять достойное место своими проповедями в сердцах верующих, призывать людей к религии. Поскольку ораторская речь способна быть опорой для друга, препятствием для врага, вдохновением для настроения, сочувствием в беде и девизом для батыра. Всевышний Создатель в Коране повелевает:

وَعِظْهُمْ وَقُلْ لَهُمْ فِي أَنْفُسِهِمْ قَوْلًا بَلِيغًا

«...Отвернись же от них и увещай их, и скажи им о них самих слово убедительное!».¹⁶ Проповедь имама не должна быть утомительной. Монотонная речь приводит к тому, что у верующих начинает пропадать интерес к ней. Основными критериями ораторского искусства являются – четкое произношение, умение ставить акценты на важных моментах, ясно выражать мысли, избегать употребления слов-паразитов, привлекать внимание аудитории, учитывать возраст и интересы слушателей, при необходимости использовать жестикуляцию.

9. Опрятность внешнего вида. В хадисе, переданном от Амра бин Шугаиба, наш Пророк (да благословит

¹⁵ Риуаят Хакима, Табарани.

¹⁶ Сура Ниса, 63-аят.

его Аллах и приветствует) сказал:

قال رسول الله صلى الله عليه و سلم : إن الله يحب أن يُرى أثرُ نعمته علي عبده

«Поистине, Аллах любит видеть на Своем рабе следы Своих благодеяний».¹⁷ Однажды Абу Ханифа встретил человека, одетого как попало. Дав ему тысячу дирхам, он сказал: «Приведи в порядок свой внешний вид, купи себе одежду». Однако, тот человек отказался, сказав: «Мне не нужны эти деньги, я и без того богат». Тогда Абу Ханифа сказал ему: «Разве ты не слышал, как наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: *«Аллах любит видеть на Своем рабе следы Своих благодеяний».*

Имамы должны придавать особое значение своему внешнему виду, беря пример с Имама Абу Ханифы. Он одевал одежду из дорогого материала, всегда пользовался благоуханиями и внушал окружающим необходимость быть опрятным. Во время совершения намаза, он также одевал все самое красивое, осознавая, что он предстает перед Всевышним.

10. Разносторонность. Как говорится: «Джигиту мало знать семь ремесел». Поэтому имамы не должны ограничиваться только религиозными знаниями, они должны осваивать современные технологии и развивать в себе широкий кругозор. В хадисе, переданном от Анаса, Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) говорит следующее: *«Наилучший среди вас не тот, кто оставил имущество к Судному дню, Судный день к имуществу, а тот, кто равно держит оба мира. Поистине, этот мир приводит к Судному дню».*¹⁸

Основные постулаты деятельности имамов:

¹⁷ Риуаят Тирмизи.

¹⁸ Риуаят от ибн Асакира, Хатиб Аль-Багдади.

1. Своими личностными качествами служить примером общине, обществу. Для того, чтобы имамы были авторитетными, они должны брать пример из жизни нашего Пророка (да благословит его Аллах и приветствует). Всевышний Аллах в Коране говорит:

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ

«Поистине, в Посланнике Аллаха для вас прекрасный пример».¹⁹

2. Постоянно разъяснять основы и обязанности Ислама. Наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: **«Донесите даже если от меня будет только один аят».**²⁰ Еще в одном хадисе говорится: **«Пусть Аллах осветляет лицо тому, кто внимательно слушал мои слова и точь в точь донес их».**²¹ Поэтому имамы должны передавать людям знания по Корану и сунне, так как их разъясняли и передавали сахабы, табиины. Тогда будет поставлено препятствие тем, кто своевольно интерпретирует Коран и сунну.

3. Доступно разъяснять принципы религии. Айша, мать правоверных говорила: **«Когда наш Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) выбирал между двумя решениями, он всегда брался за то, что было легче, если оно не было греховным. Если же оно было греховным, то он сторонился его сильнее, чем кто-либо иной».**²²

4. Придерживаться манеры предупреждения, не пугать, успокаивать, радовать. Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) говорит так: **«Упрощайте, а не усложняйте, не пугайте, а несите благую весть».**²³

¹⁹ Сура Ахзаб, 21-аят.

²⁰ Риуаят от Бухари.

²¹ Риуаят от Тирмизи.

²² Риуаят от Бухари.

²³ Риуаят от Бухари, Муслима.

5. Придерживаться принципа «не обвинять, а воспитывать».

6. Глубоко разъяснять не только внешние проявления религии, но и также суть вероучения, широко проповедуя духовные ценности и принципы доброты.

Описание проповедей:

Всевышний Аллах в Коране говорит:

ادْعُ إِلَى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحُكْمَةِ وَالْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ

«Призывай на путь Господа мудростью и добрым увещанием и веди спор с ними наилучшим образом».²⁴

Проповедь является одним из путей донесения до людей религии. Чтобы донести проповедь большинству, имам, умело используя ораторское искусство, должен раскрыть ее тему. Имам в своих проповедях обязан придерживаться следующих предписаний:

- тематика проповедей должна быть актуальной для верующих;

- в качестве предисловия проповеди должны использоваться различные примеры из истории Ислама;

- приводить цитаты из Корана и сунны и примеры благодеяний, поступков Пророка (да благословит его Аллах и приветствует) и сахабов. Поскольку примеры о его действиях и поступках помогают более шире понять смысл текстов Корана и сунны;

- приводить примеры из Корана и сунны, а также народных преданий;

- усиливать проповеди с помощью цитат и крылатых фраз;

²⁴ Сура Нахль, 125-ая.

- проповедь должна быть доступной для понимания. Поскольку слушатели бывают разными, если кто-то понимает смысл, другой может не понять. Использование лаконичных и четких слов поможет донести нужные мысли до них;

- не утомлять проповедью прихожан;
- говорить сдержанно и не повышать голос;
- проповеди должны быть тщательно подготовленными и содержательными;
- во время проповеди имам должен свободно излагать свои мысли;
- в конце проповеди имам должен уметь резюмировать.

С позволения Аллаха человек может самосовершенствоваться. Самое главное – иметь искреннее желание. Если мы хотим кого-то изменить, мы должны начать с себя. Всевышний Аллах повелевает об этом в Коране: **«Воистину, Аллах не меняет положения людей, пока они не изменят самих себя».**²⁵ Если каждый имам будет обладать вышеперечисленными качествами, придерживаться указанных требований, вести качественные проповеди, тогда авторитет мусульманской общины и ДУМК значительно возрастет. Также имамы должны прилагать все усилия для повышения грамотности мусульманской уммы, для становления разностороннего гражданина и патриота, сохраняя духовное единство и согласие во благо нашего государства. Честно и достойно исполняя порученное, имамы получают большое воздаяние.

²⁵ Сура Раад, 11-аят.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Имамның тұлғалық келбеті	2
Имамның тұлғалық келбетіне тән сипаттар	3
Имамдық қызметтің негізгі қағидаттары	10
Уағыздардың сипат	11
Личностный образ имама	15
Личностные качества имама	16
Основные постулаты деятельности имама	22
Описание проповедей	24

